

«Бекітемін»
ЖШС «Лилия»бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
Л.И.Яворская



**2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНДА
ӨТКІЗІЛГЕН АТА-АНАЛАР
ЖИНАЛЫСЫНЫҢ
ХАТТАМАЛАРЫ**

Шымкент 2023ж.

№1 Жалпы ата – аналар жиналысының хаттамасы

Қатысқандар: 66 адам

07.09.2023ж.

Күн тәртібі:

1. «Келіңіз, танысайық!» «Жаңа келген ата-аналарға қызметкерлерді таныстырып, жаңа оқу жылының мақсат-міндеттерімен таныстыру»
2. 2023-2024 оқу жылына ата-аналар комитетінің құрамын сайлау.
3. «Қызылша ауруының алдын алу» тақырыбында медбикенің баяндамасы
4. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

- Саламатсыздар ма, құрметті ата-аналар! Биылғы оқу жылының жоспар бойынша ұйымдастырылып отырған №1 ата-аналар жиналысына қош келдіңіздер. Жиналыстың тақырыбы: «Келіңіз, танысайық!» «Жаңа келген ата-аналарға қызметкерлерді таныстырып, жаңа оқу жылының мақсат-міндеттерімен таныстыру». Биылғы оқу жылының басында біздің балабақшада 121 тәрбиеленуші тәрбиеленуде. Жалпы -6 топ жұмыс жасауда. Жаңадан 2 ортанғы топ ашылды. «Китенок» тобының тәрбиешілері Рыбникова Оксана Витальевна және Кривоносова Екатерина Юрьевна. Ал екінші «Мамонтенок» тобының тәрбиешілері Маманова Сажида Султановна мен Сыздыкова Акнур Аменгелдиевна.

Қазіргі таңда ата-ана мен тәрбиеші арасындағы ортақ мәселе – жас ұрпақтың тәрбиесі екені баршамызға мәлім. Әлбетте, ата-ана үшін бала – өмір жалғасы, көздің нұры, үміт күткен шырағы, келешек қызық көрсетер болашағы болса, тәрбиеші үшін еңбегінің нәрлі жемісі болып табылады. «Балалар — біздің болашағымыз», – деп жиі айтып жатамыз. Болашағымыздың мықты, сапалы болуы үшін балаларды кішкентай шағынан ерекше күтіп, тәрбиелеу керек.

Тәрбиеші – отбасы мен балабақшадағы тәрбиені ұтымды ұштастыра отырып, әрі қарай жақсы жолға түсуіне себепкер болатын ең қажетті маманның бірі. Осы күні қоғамда баланың дамуы үшін балабақша қажет деген пікір кең таралуда. Олай болса, “балабақша балаға не бере алады?”, – деген сұраққа жауап берейін. Ең алдымен, балабақшаға келген баланың санасында жаңа ортаға бейімделу, сіңісу сынды түсініктер қалыптасады. Мәселен, бала өзі қатарлы құрбы-құрдастарымен қарым – қатынас жасауды, топқа енуді, ынтымақтасу икемділігін, белгілі бір ережелерге бағына білуді, өзара әрекеттесуді үйренеді.

- Енді сіздерге балабақшамыздың биылғы оқу жылындағы мақсат, міндеттері, жоспарымен таныстырып өтейін.

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, туған жерге деген сезім мен махаббатқа тәрбиелеу, сондай-ақ мектепте оқуға әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік-жігерлік, физикалық және зияткерлік даярлығын қамтамасыз ету.

Міндеті:

- Баланың өмірін қорғау және денсаулығын нығайтуда заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны қалыптастыру.

- Балалардың дене, зияткерлік, коммуникативтік, рухани –адамгершілік құндылықтарын дамытуға бағдарланған білім беру салаларында интеграциялық амалдарын қолдану.

- Мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз етуде бақша мен отбасы қауымдастығының жұмысын жетілдіру. Үш жақты: бала-ата-ана-тәрбиеші болып тығыз білім, тәрбие жұмыстарын жүргізіп, баланың жан - жақты дамуына ықпал жасау;

- Барлық топтарда балаларды табиғи орта негізінде өсімдіктер мен жануарлар әлемімен таныстыру. Санау, салыстыра ойлау қабылеттерін әртүрлі ойындар арқылы дамыту

- Балалардың еркін түрде шығармашылық іс-әрекетін дамыту, эстетикалық талғамын шыңдау.

Сонымен қатар, «Салауатты өмір салтын ұйымдастыру» мақсатында «Сиқырлы ойындар», «Мықты болып өсуіміз үшін», «Біз спортшыл балақай!», ал Дене шынықтыру сауық-кештеріне байланысты: «Көңілді старт», «Ұлттық ойындар ойнаймыз», «Мен спортты сүйемін!» тақырыбында жарыстар өткіземіз. Ал көрме жайында айтар болсам «Ертегілер әлеміне қонаққа барамыз» кітап көрмесі, «Менің сүйікті тәрбиешім» суреттер көрмесі, «Көктем келді тамаша» суреттер көрмесі жыл бойына ұйымдастырылуда. Ал мереке қарсаңына байланысты ертеңгіліктер ұйымдастырылуда. Мысалы: жаңа жыл мерекесіне орай «Жаңа жылды қарсы аламыз» ертеңгіліктері, «Анадан жақын адам жоқ» 8 Наурыз мерекесіне арналған ертеңгіліктері, т.б. алдағы уақытта өткізіледі.

Ал ата-аналар мен балаларға күн сайын әртүрлі тақырыпта кеңестер беріледі. Олар: «Баланың балабақшаға бейімделуі», «Мектепке дейінгі балаларды экологиялық тәрбиеге бейімдеу», «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі», «Балалар неліктен әр нәрсе таласады?» т.б. Ал тәрбиешілер тарапынан балаларға мынадай кеңестер беріледі: Балаларға көшеде жүру кережелерін түсіндіру, жаяу жүргіншілер мектебі, жол ережесін сақтайық, т.б. - деп толық тоқталып өтті.

Ал енді «Балабақшадағы күн тәртібі» жайында айтар болсам, біздің балабақшаның жұмысы таңғы сағат 8.00 бастап, кешкі 18.30 дейін жұмыс жасаймыз. Таңғы уақытта тәрбиешілер мен тәрбиеші көмекшілері 15 минутқа ерте келіп, бөлмелеріді тазалап, шандарын сүртіп, балаларды қабылдауға дайындайды. Ал, есіктің алдында медбике балалардың температурасын және денсаулық жағдайына қарап, қабылдау жүргізеді. Тәрбиешілер балаларды қабылдағаннан соң таңғы гимнастика жасатып, таңғы асқа отырады. 9.15 – тен бастап ұйымдастырылған іс әрекет басталады, одан әрі таза ауада серуендей, түскі ас, түскі ұйқы, ұйқыдан оянған соң ұйымдастырылған іс әрекет болады. Сонан соң балаларды таза ауаға серуендеуге шығарады. Ол уақытта да балаларға көптеген дамытушылық ойындар ойнатады, әрмен қарай балаларды алып кететін кезде, ата-аналарға әртүрлі тақырыпта кеңестер беріледі.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе «2023-2024 оқу жылына ата-аналар комитетінің құрамын сайлау» туралы айтар болсам,- деп сөзін менгеруші жалғастырды.

- Биылғы оқу жылында әр топта ата-аналар жиналысы өткізілді. Сол кезде ата-аналар комитеті сайланған болатын. Олар

1. «Динозаврик» ортаңғы тобында- Мельникова Юлия Александровна
 2. «Лучик» ортаңғы тобында – Бабашева Наргиза
 3. «Ромашка» мектепалды даярлық тобында – Палтаджиди Кристина Игорьевна, Гудимова Оксана Владимировна
 4. «Жауқазын» мектепалды даярлық тобында – Кадырбекова Эльнара Бердияровна, Кубышева Зарина Наильевна, Инкова Валентина Александровна
 5. «Китенок» ересек тобында – Кубышева Зарина Наильевна, Би-Фатима Акказина
 6. «Мамонтенок» ересек тобында – Дингес Виктория, Есенова Гульжан
- Ал, істеріңізге сәттілік, үш жақты «Ата-ана- тәрбиеші- бала» болып жұмыс жасасақ, биік белестерден көрінетінімізге сенімдімін және бала тәрбиесі мен білімі үшін үлкен еңбегіміз болады, -деп сөзін аяқтады.

3.«Қызылша ауруының алдын алу» тақырыбында медбике Ж.Колхоздың баяндамасы оқылды:

-ҚЫЗЫЛША – кең таралған жіті инфекциялық ауру, көбінесе балалар ауырады, дене қызуының 38—40°С дейін көтерілуі, мұрын, көз, тамақ қабыну, теріде бөртпе пайда болу белгілерімен сипатталады. Қызылша бүгінгі күні ең жұқпалы аурулардың бірі. Бұл инфекцияға шалдыққыштық 100% - ол дегеніміз, егер бұрын қызылшамен ауырмаған және егілмеген адам қызылшамен ауырған адаммен қарым-қатынаста болса, ауру жұқтыру қаупі өте жоғары. Сол үшін де екпе мерзімін қатаң сақтау және инфекция ошағында эпидемияға қарсы шаралар жүргізу өте маңызды.

Қазіргі кезде қызылша сияқты инфекциялық ауру бойынша эпидемиологиялық жағдай тұрақты емес. Соңғы жылдары Еуропаның көптеген елдерінде қызылшамен сырқаттанушылық байқалады. ДДҰ-ы қызылшамен сырқаттанушылықтың себебін қызылшаға қарсы вакцинациямен аз қамтылумен байланыстырып отыр. Бұл Қазақстан аумағына осы инфекцияның әкелінуі және егілмеген тұрғындар арасында оның тез таралуы қаупін арттырады, -деп ары қарай Қызылша дегеніміз не және ол несімен қауіпті, балаңыз ауырған жағдайда, емдеу жолдары мен қызылшаның алдын алу туралы толық медбике айтып өтті. Соңында, балаларға уақытылы екапелер салынып, аурудың алдын алу керек деп сөзін қорытындылады.

4. Әртүрлі мәселелер бойынша сұрақтарыңыз болса қоя берсеңіздер болады,- деп меңгеруші сөзін бастады.

-Менің сұрағым бар, -деп ата – ана Ш.Жалмағамбетова сұрақ қойды. -Менің немерем сіздерге биыл жаңадан келіп отыр. Соғын байланысты сұрағым бар. Оқу жылының ортасында сіздер балдарымызға отпуск, яғни демалыс бермейді екенсіздер. Мұндай жағдайда не істесек болады?

- Сұрағыңыз өте орынды. Біз балаларға отпуск, яғни жазғы демалысты 1 маусымнан 31 тамызға дейінгі уақыт аралығында 2 ай көлемінде бере аламыз. Бірақ, оқу жылының ортасында ата- анасы еңбек демалысына шығатын болса, сол берілген демалыс туралы бұйрықтың көшірмесін бізге әкеліп өткізіп, меңгерушінің атына өтініш жазып, демалыс алуға болады, - деп сөзін аяқтады.

- Менің де балам биыл сіздің бақшаңызға жаңадан келіп отыр. Сондықтан менің де сізге қоятын сұрағым бар, - деп сөз кезегін Евгений Лиды. -Сіздердің бақшаларыңызда балаларға қосымша өткізетін үйірмелер бар екен ғой. Сол жайында айтсаңыз.

- Ия, біздің бақшамызда қосымша үйірме жұмыстары өткізіледі. Олар: хореография, ағылшын тілі, робототехника және гимнастика. Хореография мен ағылшын тілдері аптасына 2 рет, ал робототехника мен гимнастика аптасына 3 рет өткізіледі. Егер балаларыңызды қатыстырығыңыз келсе, тәрбиешіні ескертіңіз, - деп меңгеруші жауап берді.

Басқа сұрақтарыңыз жоқ болса, жиналысымызды аяқтайық, , -деп меңгеруші ата-аналармен қош айтысты.

Меңгеруші:  Л.И.Яворская

Хатшы:  Ж.Колхоз



№2 Ата -аналар жиналысының хаттамасы

Қатысқандар саны: 57

22.12.2023ж.

1. Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуындағы отбасы мен балабақшаның рөлі.
2. «Ертегілер әлеміне қонаққа барамыз» кітап бұрышында ата – аналармен кездесу, балалардың көркем әдебиетке қызығушылығын дамыту.
3. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуындағы отбасы мен балабақшаның рөлі» тақырыбы бойынша сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды:

- Саламатсыздар ма, құрметті ата-аналар. Балабақша ұйымы ұйымдастырып отырған жиналысымызға уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге алғысымды білдіремін. Бұл жиналысымыздың мақсаты, өсіріп отырған балаларымыздың болашағы жарқын болып, жеке тұлға болып қалыптасуына сіздер, біздер болып ат салысып, бүлдіршіндерімізге бақытты балалық шақты сыйлау. Ол үшін Сіз және Біз болып жақсы қарым-қатынас орнатып, бір бағытта бірге ат салысып жұмыс жасауымыз керек. Сол үшін де жылына 3 рет ұйымдастырып өткізілетін жиналысымыздан қалмай, өзекті мәселелерімізді осында талқылап отырайық.

Ал, бірінші мәселе бойынша айтар болсам, еліміздің көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылып, халықаралық деңгейге шығуы бүгінгі ұрпақтың бейнесінен көрінеді. Шығыс ғұламасының бірі Жүсіп Баласағұнның дастандарында - отбасы тәриесі туралы көп айтаада. Мемлекеттің беріктігі тек ол билеуші қайраткерлерге, әділ заңға, күшті әскерге ғана емес, әр отбасының беріктігіне байланысты екендігі сипатталады. Оның ойынша отбасы беріктігі, ата-ананың бір - біріне деген сыйластығы мен сенімділігі және өнегелі ұрпақты тәрбиелеуі. В.А.Сухомлинский бала тәрбиесін- отбасы жағдайын зерттеуден бастаған. Ол баланың сабақ үлгерімінің жақсаруымен қоса, денсаулығының мықты болуына, ой өрісінің кеңеюіне көңіл бөлген. Бір сөзбен айтқанда бала тәрбиесіне, оның өміріне ең бірінші жауапты адамдар- ол ата-анасы. Ата анасы бала үшін үлгі тұтарлық тұлға болуы керек. Балаға ақыл айта бергенімен қоса, оларға ата-ананың жүріс тұрысы үлгі болатынын ұмытпайымыз керек.

Қазіргі заманда жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру әлеуметтік құрылымның ең маңызды міндеттердің біріне айналды. Бала тәрбиелеу, білім беру мәселелерінде отбасы мен балабақша ұжымы өзара тығыз байланыста болуы қажет. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, бала тәрбиесінде іске асырушылар – балабақша мен отбасы. Отбасылық тәрбиенің басымдылығын тану дегеніміз, отбасы мен балабақшаның жаңа қарым-қатынасын талап етеді. Ата – аналарды педагогикалық үдеріске тарту арқылы бала тәрбиесінің мақсат, міндеттерін түсінуге, бала тәрбиесінің ойдағыдай іске асырылуына ықпал етеміз. Ата-аналардың өз балаларының балабақшадағы өмірін, қалай өсіп жетілетінін, қандай білім алып жатқанын, интеллектуалдық жеке қабілетінің дамуын, сонымен қатар әр өткізген мерекелік кештері мен ертеңгіліктеріне қатысып, бала тәрбиесі мен өміріне бірге ықпал жасап отырғаны абзал. Ата – ана мен балабақша атқаратын істер әрқилы болады да, бірінің жұмысын екіншісі атқара алмайды, сондықтан олардың қарым-қатынасы бірін-бірі толықтыруы, бірін бірі түсінуі, бір – бірінің бағытында құрылуы қажет.

Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуындағы отбасы мен балабақшаның рөлі екі жақты процесті құрайды: отбасы базалық эмоционалдық қауіпсіздік пен адамгершілік құндылықтарды берсе, балабақша жан-жақты әлеуметтендіру мен жүйелі білім беруді қамтамасыз етеді. Толыққанды тәрбие үшін екі ортаның тығыз ынтымақтастығы маңызды. Олардың рөлдері келесідей бөлінеді:

Отбасының рөлі:

- Эмоционалды байланыс: Ата-ана мен бала арасындағы махаббат пен сенім баланың өзіне деген сенімділігін қалыптастырады.
- Әлеуметтік тәжірибе: Отбасылық қарым-қатынас пен дәстүрлер арқылы бала үлкендерді сыйлауды, этиканы және мінез-құлық нормаларын меңгереді.
- Жеке қасиеттер: Ұқыптылық, еңбексүйгіштік, қамқорлық сияқты іргелі қасиеттер ең алдымен үйдегі үлгі арқылы сіңеді.

Балабақшаның рөлі

Әлеуметтену: Құрдастармен қарым-қатынас жасау, пікір таластыру, ортақ ережелерге бағыну және кикілжіңді шешу дағдыларын дамытады.

- Жүйелі даму: Мектепке дейінгі арнайы бағдарламалар (тіл ұстарту, логика, математика негіздері, шығармашылық) арқылы баланың интеллектуалды қабілеті артады.
- Физикалық және моторикалық даму: Дене шынықтыру, би және ұсақ моторикаға арналған жаттығулар баланың физикалық денсаулығын нығайтады.

Ынтымақтастық тиімділігі

Балабақша мен отбасы бірін-бірі толықтырған кезде ғана үйлесімді тұлға қалыптасады. Бірыңғай талаптар мен өзара пікір алмасу, яғни ата-

аналар жиналысы, жоспарға сай семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізіп, осындай мәселелерді жиі талқылап отырсақ, баланың бейімделу процесі жеңілдейді және бала тәрбиесі бойынша көптеген сұрақтарға жауап табамыз, - деп толық баяндап өтті.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе «Ертегілер әлеміне қонаққа барамыз» кітап бұрышында ата – аналармен кездесу, балалардың көркем әдебиетке қызығушылығын дамыту» бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды.

- Адамгершілік, кішіпейілділік, қайырымдылық, шындық, адалдық, үлкендерді құрметтей білу сияқты адамның асыл қасиеттері бала бойына кітап арқылы біртіндеп сіңеді. Баланы кітап оқуға көбірек баулу және пайдалы оқу үшін, ең басты балаларға кітапті сүюге көмектесу керек. Қазіргі балалардың көбінің қиялдары компьютерлік ойындарға ауып кетуіне қарамастан, кітапханашылар мен ата - аналарда, балаларға кітап әлемін сыйлау мүмкіндігі және құқығы қалады. Кітап оқуға үйрету үшін ең алдымен ата - анаға кеңес беру керек. Балаға бір жасынан - ақ кітап ұстатып үйреткен дұрыс. Яғни, ол сәби кезінен бастап кітапты көруге тиіс. Баланы кітапқа қызықтыру үшін суретті, санамақ кітаптардан бастау керек. Үнемі газет - журнал, кітап оқып отырған ата - ананы көрген бала да кітапқа қызығып өседі. 4 - 5 жастан бастап суреттерге қарап, әңгіме құрып, ертегілер айтуға болады.

Кітап оқу баланың ой - өрісін кеңейтеді, ойлауға үйретеді, сөйлеу қабілетін, есте сақтауын, қиялын дамытады, танымдық және дамытушылық қызметін анықтайды. Баланы кітап оқуға көбірек баулу және пайдалы оқу үшін, ең басты балаларға кітапты сүюге көмектесіп, алдын ала бос уақытында оқитын кітаптарының тізімін белгілеп, оны ата - анасы өздері ұсынуға болады. Баланы жас кезінен кітапты құрметтеуге және оны күтіп ұстауға баулыған жөн. Сондықтан біз балабақшамызда «Ертегілер әлеміне қонаққа барамыз» атты кітап бұрышын ұйымдастырып отырмыз. Сіздер балаларыңызбен бірге сол кітапханаға барыңыздар, кітаптармен таныстырыңыздар, ертегі оқып берсеңіздер болады. Сонымен бірге оқып берген ертегілеріңіз бойынша балаңызға сұрақ жауап жүргізіп, ойын тыңдасаңыз тіптен керемет. Өйткені осы арқылы баланың таным процестерін дамытасыз, яғни ойлауы, қиялы, сөйлеуі және түйсігі дамиды. Осы айтылған мәселелер бойынша сұрақтарыңыз болса қойыңыздар:

- Менің сұрағым бар, - деп ата – ана А.Асанованың тарапынан сұрақ қойылды.- Осы кітап көрмесіне ата-аналар тарапынан қызықты ертегілерді алып келсек рұқсат па?

- Әрине, бұл кітаптар бақшаның кітапхана бұрышында тұрады және кез-келген уақытта балаңызбен келіп, оқысаңыздар болады. Жаңа қызықты ертегілерді алып келіңіздер және кітапхана бұрышынан балаға ұнаған кітапті үйлеріңізге алып кетіп, оқып бітірген соң қайта алып келсеңіздер болады,- деп әдіскер жауап берді.

3. Әртүрлі мәселелер бойынша сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды.

№3 АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Қатысқандар: 52

24.05.2024ж

Күн тәртібі:

1. Балабақша жұмысының жылдық есебі
2. Жазғы-сауықтыру шараларының жоспарымен таныстыру.
3. Жаз уақытында балалардың қауіпсіздігі бойынша кеңестер
4. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Балабақша жұмысының жылдық есебі» бойынша меңгеруші Л.И.Яворская сөз алды:

- Саламатсыздар ма, құрметті ата-аналар. Біздің жиналысымызға келгендеріңізге мың алғыс. Бүгінгі күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша жылдық есебімізді баяндайын.

Аяқталуға біраз күндер қалған 2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша айтар болсам, оқу жылына арналған жылдық жоспар негізінде жұмыстар жасалды. Бақшамызда жылдық жоспардың негізінде дене шынықтыру мерекелік ойын-сауықтары, жарыстар өткізілді. Бұл ойын жарыстарының мақсаты: балаларға салауатты өмір салтын насихаттау, дене шынықтырудың адам денсаулығына пайдасы туралы түсіндіру, балабақша мен ата-ана арасындағы жақсы қарым- қатынасты орнату және ата-аналардың қоғамдық жұмыстарға араласуына жағдай жасау, дене шынықтырумен жиі айналысу. Жарыс ойындарына қызығушылықтарын ояту және бір- біріне деген достық қарым- қатынасты орнату. Әр бір жарыстар, мерекелік ойын-сауықтар өте көңілді өткізілді. Әрбір топтың балалары бірдей футболка мен шорты киіп, топтарға бөлініп, өздерінің ептілігімен және ұжым болып бір мақсатты көздеп, жеңіске жетуге ұмтылу қасиеттерімен бізді қуандырды.

Сонымен қатар, әр мерекенің қарсаңында ертеңгіліктер өткізілді. Әрбір ертеңгілікке балалар топ тәрбиешісі мен музыка жетекшісімен өте жақсы дайындалып, өз билерімен, жаттаған тақпақтары мен ойнаған рөлдерімен ата-аналарды қуантты. Ал, Білім күніне, Тәуелсіздік күніне арналған, 9 мамыр Жеңіс күніне арналған, т.б. тақырыптық сабақтар өткізілді. Балабақшамызда сонымен қатар, көрмелер ұйымдастырылып, балалардың жұмыстары көрмеге қойылды. Тәрбиешілер тарапынан ашық ұйымдастырылған іс- әрекеттер көрсетілді, олардың суреттері мен видеолары инстаграмм желісіне жарияланды.

Бүлдіршіндерімізге және олардың ата- аналарына мынадай тақырыпта кеңестер берілді: «Көшеде жүру ережелері», «Абайлаңыз көк тайғак», «Жол ережелерін сақтайық» және «Жаяу жүргіншілер мектебі», «Баланың балабақшаға бейімделуі», «Біз қалай балалармен сөйлесеміз?», «Бақытты балалық шак»,

«Балаңызбен бірге ойнаңыз», «Баланың қысқы киімі», «Тазалық денсаулық кепілі», «Күлкімен өткен әрбір күн жарық», «Бақытты ана-бақытты бала», т.б.

Оқу жылының басында барлық тәрбиешілер мен педагогтар тәжірибе алмасу сабақтарының тақырыптарын беріп, оқу жылы ішінде ашық сабақтар өткізді. Ашық сабақ өту барысында балалардың меңгерген білімдерін байқадық. Біздің ақылды балаларымыз бақшада көп жаңа білімді меңгергенін анықтап, риза болдық.

Сонымен қатар, жылына 3 рет бала білімі мен меңгерген дағдыларын анықтау үшін мониторинг өткізді. Мониторинг нәтижесі негізінде балалармен жыл бойы жеке жұмыстар жасалды.

Ал ұжыммен бірге жылына 4-5 рет педагогикалық кеңестер, 3-4 рет меңгеруші жанында кеңес, өндірістік кеңес, әдістемелік кеңестер өткізілді. Бұл кеңестер барысында балабақшамыздың барлық өзекті мәселелері қарастырылды, педагогтар мен тәрбиешілерге әдістемелік көмектер көрсетілді және ата-аналар тарапынан берілген ұсыныстар қарастырылды, - деп әр кеңеске жеке тоқталып, түсідіріп өтті.

2. Екінші мәселе «Жазғы-сауықтыру шараларының жоспарымен таныстыру» бойынша сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды.

- Жазғы-сауықтыру шараларының жоспарының мақсаты: Мектепке дейінгі ұйымда білім беру процесіне жазғы сауықтыру жұмысын сауатты ұйымдастыру, балалардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайтуға, олардың танымдық қызығушылықтарын дамытуға, сондай-ақ ата-аналарға қажетті кеңес беруге, әдістемелік көмек ұсынуға мүмкіндіктер беру. Жазғы уақытқа балабақшада жазғы күн тәртібі, перспективалық жоспар бекітіліп, апта сайын циклограмма жазылып отырады. Тәрбиешілердің барлығы қауіпсіздік ережелері бойынша нұсқаулықпен таныстырылды. Бекітілген перспективті жоспар негізінде күн сайын тәрбиешілер балалармен балабақша ауласында қызықты ойындарды өткізіп, жазғы бассейнде шомылып, көңілді уақыт өткізеді, -деп сөзін аяқтады.

3. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе «Жаз уақытында балалардың қауіпсіздігі бойынша кеңестер» жайында меңгеруші Л.И.Яворская сөз алды.

-Бүгінгі таңда, Еліміздің су айдындарында жыл сайын бірнеше ондаған адамдар жазатайым оқиғаларға тап болады. Оның ішінде басым көпшілігін кәмелет жасына толмаған балаларды құрайды.

Бұл ретте, мамандармен жүргізілген талдау жұмыстары барысында су айдындарындағы жазатайым оқиғалардың басым көпшілігі «суға түсуге арнайы жабдықталмаған» су айдындарында орын алатындығы анықталған.

Қазіргі уақытта, біздің қаламызда 5 ресми орын бекітілген. Олар: Тоғыс су қоймасының «Холодильник» демалыс орны, Бадам су қоймасының «Рахат Бадам», Қошқар ата өзенінің бастауы және спорт туризмға арналған Дендросаябақтағы жасанды көл мен Нұрғажайып ЖШС қарасты «Жайлаукөл». Суға шомылуға рұқсат етілмеген жерлерде жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында, тыйым салынған 13 орын белгіленген және осы орындарға шомылуға тыйым салынған тақтайшалар қойылған. Ол орындар: Бадам, Сайрам су, Янги шек, Қарасу, Қошқар ата өзендері, Қайнарбұлақ жасанды көлі, Азат, Көкбұлақ, Сасық, Хауау және Шымкент магистральды каналдары.

Сіздер, шомылу маусымы кезінде шомылуға тыйым салынған жоғарыда аталған 13 орында суға түсуден аулақ болуларың қажет,- деп меңгеруші Судағы қауіпсіздік ережелері жайында, суға батушыға алғашқы көмек көрсету бойынша ұсыныстарды толық түсіндіріп өтті.

4. Әртүрлі мәселелер бойынша сөз кезегін меңгеруші алды.

- Ал, құрметті ата-аналар, әртүрлі мәселелер бойынша сұрақтарыңызды қойсаңыздар болады

- Саламатсыздар ма, балабақша ұжымы, құрметті ата-аналар!,-деп сөз кезегін Китенок тобының ата-аналар комитеті Би-Фатима Акказина алды. Лилия Ивановна, биыл менің немерем ортаңғы топты бітіріп, ересек тобына өтіп жатыр. Менің айтайын дегенім, біздің топтың тәрбиешілеріне мың алғыс. Оксана Витальевна мен Екатерина Юревичаның іскерлігіне, білімділігі мен мейірімділігіне рақмет. Немерем азанда қуанып балабақшаға келеді. Кешке көп нәрсе меңгеріп қайтады. Әрбір ертеңгіліктен қалмай келіп, тамашалаймын. Әр бір өткен ертеңгіліктің артында үлкен еңбек жатыр.

Осы балабақшаны басқарып отырған сізге рақмет. Балабақшаның іші әр уақытта таза, жарық, әдемі безендірілген. Ал, ауласы әр қашан көгалдандырылған. Өте керемет гүлдермен айналамыз қоршалған, -деп алғысын білдірді.

Басқа ата –аналар тарапынан ешқандай сұрақтар болмағандықтан, ата-аналарға келгендері үшін алғысын білдіріп, кез келген уақытта сұрақтары бар болса ата-аналар үшін әрдайым есігі ашық екенін меңгеруші айтып, ата-аналармен қош айтысты.

Меңгеруші:

Хатшы:



Л.И.Яворская

Ж.Колхоз